

Қазақстан республикасының Білім және Ғылым министрлігі  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Химия кафедрасы

# Курстық жұмыс

## Тақырыбы: “Химия сабағындағы өздік жұмыстар”

Орындағандар: 01301 топ студенті

Серикова М.А.

Тексерген: аға оқытушы: Есеева Г.Б.

Орал - 2015

# Жұмыстың өзектілігі:

Оқушылардың теориялық және практикалық білімді саналы игеріп, интеллектуалдық қызмет жасай білуге тәрбиелеу болып табылады. Сонымен бірге оқушылар жай ғана беріліп жатқан дайын біліммен қаруланып ғана қоймай, білімді тауып, ізденіп алуына, яғни оқушылардың оқи білуге маңыздырақ. Химия сабағындығы өздік жұмыстардың түрі әр-алуан:

- сарамандық сабақтар мен зертханалық жұмыстар
- есептер шығару,
- химиялық формулалар мен реакция теңдеулерін құруға жаттығулар,
- оқулықпен жұмыс қосымша әдебиеттермен,
- сарамандық сабақтардың есебін беру,
- тірек конспектілері, сызба нұсқа,
- химиялық әңгіме құру және т.б.

## **Жұмыстың мақсаты:**


**Оқушылардың өздік жұмыстарының түрлерін ұйымдастыру арқылы олардың ойлау қабілеттерін арттырып, теориялық білімді тереңдете түсуі, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру.**

## **Жұмыстың міндеттері:**

- ❖ **Химия сабағында оқушылардың орындайтын өзіндік жұмыстарын теориялық тұрғыдан негіздеу.**
- ❖ **Сабақ кезеңдерінде және әр түрлі оқыту формаларында өздік жұмыс тапсырмаларын қолдану .**
- ❖ **оқу- әдістемелік құралдары арқылы өздік жұмыстарды оқыту.**
- ❖ **Өздік жұмыстар арқылы оқушылардың іздемпаздығын, өзбетінше жұмысқа баулуды қалыптастыру**

## **Жұмыстың әдістері:**

- ◆ **ғылыми-әдістемелік, психолого педагогикалық, химиялық әдебиеттерді талдау, химиядан орта білім берудің мемлекеттік бағдарламасын және басқа нормативтік құжаттарды талдау;**
- ◆ **оқушылармен, мұғалімдермен әңгімелесу;**
- ◆ **оқушылармен сауалнама жүргізу;**
- ◆ **Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тұжырымдау;**
- ◆ **Бақылау, тестілеу, педагогикалық эксперимент нәтижесін математикалық өңдеу.**



**“Өздік жұмыс”** дегеніміз- оқушылардың жаңа білім, дағды, икемділіктер мен ғылым әдістерін меңгерудің маңызды жолы . Егер сөздік және сөздік-көрнекілік әдістер оқушылардың таным әрекетінің алғашқы екі пайымдау мен абстрактылы ойлауды қамтамасыз етсе, ол оны іс жүзінде тексеру тек өзбетімен жұмыс кезінде іске асады. Өздік жұмыс тұтасымен алғанда оқу процесі сияқты білім беру, тәрбие, дамыту функцияларын атқарады.

# Өздік жұмыстың функциялары

- ❖ **Білімділік функциясы**- химия ғылымының негізгі әдістерін игеруде көрінеді. Оған жататындар: сараптау іскерлігі, есептеу есептерін шығару дағдысы, химиялық тілді дұрыс меңгеруі, үлгілеу икемділігі және т.б.
- ❖ **Тәрбиелік функциясы**- дара тұлғаның кейбір ерекше қасиеттерін қалыптастыруға байланысты. Олар еңбек сүйгіштік, қиыншылықты жеңе білу, табандылық, өз-өзіне сенімділік.
- ❖ **Дамытушы функциясы**- дербестік пен тәуелсіздікті, зияттылық шеберлігін дамыту (өздік бақылау, негізгіні бөліп көрсету, тұжырымдау, ой қорыту, байқағыштық, сезімталдық және т.б.)

# Өздік жұмыстардың дидактикалық мақсатқа сай түрлері.

Жаңа материалды оқып - үйрену.



Жаңа материалды оқып - үйрену.



Білім мен біліктерді тексеру және есепке алу  
сабақтары.



# Оқушылардың танымдық әрекетіне байланысты типтері.

**Репродуктивті (копирующие);**

**Ішнара –ізденушілік  
(эвристические);**

**Зерттеушілік (исследовательские)**

# **Білім көздеріне байланысты жіктелуі:**

- **Оқулық және анықтамалар мен жұмыс істеу.**
- **Оқыған тақырып бойынша жоспар жасау,**
- **Баяндама жазу.**
- **Үлестірмелі материалмен жұмыс істеу.**
- **Химиялық тәжірибелер жасау.**
- **Химиялық диктант жазу.**
- **Ауызша, жазбаша сандық және сапалық есептер шығару.**
- **Графиктік жұмыс.**

# Өзіндік жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптар мыналар:

- ❖ – оқушылардың өздігінен дербес жұмыс істеу, еңбек ету дағдысын қалыптастыру;
- ❖ – оқушылардың жұмысын оқу жұмысының басқа түрлерімен дұрыс ұштастыра білу;
- ❖ – оқушылардың дербестігін арттырып, өзіндік білім алу қабілетін жүйелі түрде дамыту;
- ❖ – өзіндік жұмыстың мазмұнына күнделікті өмірден алынған материалдарды, хабарларды енгізу;
- ❖ – оқушыларды табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын, сонымен қатар нақты фактілер мен құбылыстарды өздігінен талдап, түсінуге үйрету;

# Оқушылардың өздік жұмысының теориялық сипатын саралай келе зерттеуші ғалымдардың пікірлерін 3 бағытта топтастыруға болады:

□1-ші топ ғалымдары өздік жұмысты сабақты түрлендірудің бір тиімді әдісі ретінде қарастырады (О. Сүлеев, Р.Сейсекенова, С.Елубаев )

□2-ші топ ғалымдары өздік жұмысты оқушылардың өздігінен жетілу құралы деп сипаттайды (М.Ф.Роганова, Б.П.Есипов, т.б.);

□3-ші топ ғалымдары өздік жұмысты оқушылардың ешкімнің көмегінсіз орындайтын іс-әрекеттері деп анықтайды (М.И.Моро, А.О.Бурдин, Н.А.Менчинская, т. б.).

# Сабақтың кезеңдерінде және әр түрлі оқыту формаларында өздік жұмыс тапсырмаларын қолдану әдістемесі

- **Жаңа тақырыпты өту кезіндегі оқушылардың өздік жұмысы.**
- **Өтілген материалды бекіту мен қайталау кезінде өздік жұмысты қолдану**
- **Эксперименттік практикумдар мен эксперименттік есептер шығару кезіндегі өздік жұмыстар**
- **Сабақтан тыс жұмыстарда өздік жұмыстарды ұйымдастыру**

# Өздік жұмысының мазмұны төмендегідей:

- бағдарламалық материалдар оқулық және қосымша (анытамалық, техникалық, көркем) әдебиеттерге сүйеніп жасалынады;
- оқушылардың алатын білімін кеңейтеді, тереңдетеді;
- өткен материалды қайталауға арналады;
- күнделікті өмірден және практикадан мысалдар алынады;
- түрлі графикалы жұмыстар (кесте, сызба, диаграмма, сызба сызу және тузу) орындалады;
- шығармалар, баяндамалар мен рефераттар жазылады;

# ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРДЫҢ ӘДІСТЕРІ

- Байқау
- Оқу эксперименттері
- Есеп шығару
- Оқулықтармен жұмыс

- **Байқау** — белгілі бір мақсат қойып, объектіні әдейі қабылдау. Ой жүгірту, зейін қою байқаудағы негізгі әрекеттер.
- **Оқу эксперименттері.** Химияны меңгеруде химиялық эксперимент оқу процесінің құрамды бөлігі ретінде маңызды роль атқарады. Әрбір ғылыми түсінік қойылған міндеттен қисынды (логический) шығуы керек және практика жүзінде орнығуы керек, сонда ғана химияның эксперименттік сипаты танылады.
- **Химиялық есептер шығару** оқытудың жалпы жүйесінде сарамандық әдістердің тобына жатады. Есеп - шығару оқушылардың теориялық білім мен тәрбие арасындағы байланысты жүзеге асырады.
- **Оқулықтармен жұмыс.** Оқушылардың өз бетімен білім негізін қалауда оқулықпен жұмыс үлкен рөл атқарады. Оқушылардың оқулықпен жұмыс жүргізгені жақсы нәтиже көрсетуі – мұғалімнің сол жұмысты ұйымдастыра білу қабілетіне байланысты.



# Қорытынды:

Қазіргі заманымызда қоғамға өз бетімен жұмыс атқаратын, еркін де кеңінен ойлайтын, өздігінен алдына мақсат қойып және оған жетудің әдіс-тәсілін шығармашылықпен анықтап, сондай-ақ қолдана алатын кәсіби-маман тұлғасы болуы керек. Мұндай тұлғаның дамуына бағытталған білім берудің негізі болып тұлғаның өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін жетілдіру процесі жатады. Оқушыны өздік жұмыс жасауға үйрету негізінде әрбір жеке тұлғаның өзіндік табиғатын қалыптастыру, білімдік деңгейін көтеру болып табылады.

Қорыта айтқанда, өздік жұмыс әдісін — оқу әрекетінде жұмыс істеуде қабілетті дамыту және оқу еңбегінде дағдыны қалыптастыруда жеңіл тақырыптарды өз бетінше дайындауға дидактикалық материалдармен тиімді жұмыс жасай білуге баулу үшін қолдануға болады.